

List of references:

1. O.N. Grechenyuk, A.V. Grechenuk (2015) Evaluation of innovation development of the Central Black Earth region to identify the prospects for import substitution. Transactions of South-western State University. Series of economics, sociology, management, 1:16-20 (18.03.2021)
2. N.V. Borovskikh (2018) Diversification of productions direction to increase competitiveness of public catering enterprises. Omsk Scientific Bulletin. Series Society. History. Modernity, 3: 89-95. DOI: 10.25206/2542-0488-2018-3-89-95 (22.02.2021)
3. B. Neyestani (2017) Principles and Contributions of Total Quality Management (TQM) Gurus on Business Quality Improvement. MPRA Paper No.77282. Online at: <https://mpra.ub.uni-muenchen.de/77282/> (22.03.2021)
4. A.T. Kokenova, A.A. Sadykbekova and etc. (2020) Mechanisms for ensuring the competitiveness of business structures in the agricultural sector. Bulletin of National Academy of Sciences of Kazakhstan, 6(388), 154-161. DOI <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.195> ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print) (23.03.2021)
5. S.B. Kenenbayev, Z.O. Ospanbayev and etc. (2016) Effectiveness of Sugar Beet Cultivation under Drop Irrigation in South-East Kazakhstan. Biosci Biotech Res Asia, 13(2). DOI <http://dx.doi.org/10.13005/bbra/2115> (24.03.2021)
6. K. Urbaniec, E. Tamburini and etc. (2005) Overview of the environmental problems in beet sugar processing: Possible solutions. Journal of Cleaner Production 13(5):499-507. DOI: 10.1016/j.jclepro.2003.09.008 (25.03.2021)
7. M.S. Rao, P. Weerathaworn (2009) Diversification of breeding program to develop multipurpose sugarcane cultivars. Sugar Tech 11, 77–79. DOI: <https://doi.org/10.1007/s12355-009-0014-8> (28.03.2021)

ӘОЖ 338.2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІ

Алдияр Наргиз Жасұланқызы, Бексултанова Индира Руслановна

ibeksultanova@mail.ru

Нұр - Сұлтан қаласы, Қазақстан,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері,

Ғылыми жетекшісі – Г.Амренова

Аннотация: Мемлекеттік басқарудың мәні оның қажеттілігінен, әлеуметтік шарттаудан және мақсатты бағдарлануынан көрінеді. Мемлекеттік басқарудың қажеттілігі табиғи, еңбек, материалдық, ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалануға, адамның құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіруге бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Бұл мақалада Қазақстандағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы негізгі аспектілер қарастырылған. Уақыт призмасы арқылы мемлекеттік қызметшілердің кадрлық әлеуеті жүйесінің даму тенденциясының мониторингі жүзеге асырылады.

Тірек сөздер: Мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет, электрондық үкімет, сапа көрсеткіштері.

Қазіргі жағдайда, мемлекеттік аппарат саласында ел басшылығының жоғары деңгейлері алдында олардың қызметінің тиімділігін арттыру міндеті тұр. Мемлекеттік басқарудың және мемлекеттік қызметтің табысты құрылымын қалыптастыру ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауларында және елдің маңызды стратегиялық құжаттарында негізгі міндет ретінде қойылған. Мемлекетті басқарудың сапалы түрі, және мемлекеттік қызмет жүйесін толықтырып, дамыту – экономиканың тұрақты дамуына, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және мемлекеттің жалпы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға өз септігін тигізеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жыл 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында мемлекетті басқарудың жаңа үлгісін ұсынды, және осы саладағы барлық бекітілген жоспардың жүйелі түрде өткізілетінін қадағалап, жүзеге асыру қажеттігін түсіндіре кетті. Ең алдымен, мемлекеттік басқарудағы кадр жүргізетін саясатқа, шешімнің қабылдану жүйесі мен оларды даярлап, жүзеге асырылуына артылған жауапкершілікті арттыру болып табылады. Қазіргі еліміздің қиын кезінде, яғни, пандемия кезінде, мемлекетті басқару жүйесі бар күшін салып, бекітілген реформаларды жүзеге асыруға жұмыс істеуде. Бірақ жедел шешімдерді қабылдау айтарлықтай қаражат пен уақытты талап етеді. Соған қарамастан, Президент мемлекеттік басқару мен қызмет жүйесін айтарлықтай дамыту үшін, нақты шешімдерге негізделген стратегиялық жоспарды құрып, реформалар агенттігін құруды тапсырды [1].

Қазақстанда мемлекеттік стандарттардың сапасын арттыру үшін корпоративті басқару, тиімділік және халық алдында есеп беру қағидаттарына негізделген мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде [2].

Мемлекеттік басқаруды талдауға кіріспес бұрын, қалыптасып келе жатқан мемлекеттің тарихы 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендік алған жас елден басталғанын айта кеткен жөн.

Қазақстан үшін мемлекеттік қызметтің қалыптасу үдерісі егемендік алу және мемлекеттік басқару негіздерін қалыптастыру кезеңімен сәйкес келді. Мемлекетті басқаруда қиын жағдайға тап болған кезде, сол жағдайдан шығу үшін мемлекеттік қызметті күшейтудің стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру қажет болады.

Ең алғаш 1991 жыл мен 1994 жыл аралығында әкімшілік реформа күрделі жағдайда жүзеге асырылды. Ел экономикасы ауыр жағдайда болды және қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық қатынастармен қатар, тұтастай алғанда, мемлекеттің рөлін және ұзақ мерзімді перспективада даму үлгісін айқындау қажет болды. Қазақстан басқарудың командалық-әкімшілік жүйесінен бас тартты да, нарықтық қағидаттарға және мемлекеттік құрылыс пен басқару негізіне батыл түрде бағытталды [3].

1994 жыл мен 1997 жыл аралығында барлық экономикалық реформалардың жүргізілуі қарқынын жеделдетуге және олардың даму бағытын нақты айқындауға байланысты заңнамалық актілер қабылданды. Ең алдымен, бұл заңдар экономиканы ырықтандырып, монополиясыздандырып, кәсіпкерлердің еркіндігін қолдауға және де банк секторын реформалауға бағытталды.

Кейін сол жылдан 2003 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы аумағында әкімшілік реформа жүргізіле бастады. Осы реформаның жүргізілуіне септігін тигізген, 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030» стратегиясы болып табылады. Себебі елдің дамуының негізгі басымдықтарының бірі – негізгі функцияларға дейін шектелген тиімді мемлекет қалыптастырудың нысаны.

2003 және 2006 жылдар кезеңінде жүргізілген реформа – мемлекеттік басқару құрылымының және басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктің аражігін ажырату болды.

2006 жылғы 12 сәуірде Қазақстан Республикасы Электрондық үкіметінің веб-порталы алғаш рет іске қосылды. Осы "электрондық үкімет" жобасын іске асыру шеңберінде халық үшін (жеке және заңды тұлғаларға) интерактивті және транзакциялық қызметтер ұсынылады [4].

2008-2010 жылдарға арналған «электрондық үкіметті» дамыту бағдарламасы бекітілді. «Электрондық үкімет» шеңберінде жүргізілген жұмыс нәтижесінде қазіргі уақытта:

1) электрондық қызметтердің дамуы транзакциялық кезеңді белсенді іске асыру кезеңінде тұр, ол азаматтарға мемлекеттен анықтамалар мен құжаттарды электрондық түрде алуға ғана емес, олар үшін төлемдер төлеуге де мүмкін береді;

2) «электрондық үкіметі» инфрақұрылымының негізгі компоненттері құрылған және енгізілген;

3) әр түрлі мемлекеттік органдар көрсететін аса маңызды мемлекеттік қызметтердің кешенін азаматтар алатын Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық желілері жұмыс істейді (ХҚКО).

«Электрондық үкімет» бағдарламасын дамыту шеңберінде ««Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы» ақпараттық жүйесін құру жобасы басталды. Оның негізгі мақсаты лицензиялау мен берілген лицензиялар бойынша деректер базасын жүргізу аясында халыққа электрондық қызметтер көрсету болып табылады.

2015 жылға қарай Мемлекеттік басқаруды реформалаудың негізгі мақсаты құрылды. Яғни, олар: корпоративтік басқару, нәтижелілік, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттары негізінде мемлекеттік басқарудың жаңа сапалы моделін құру. Осы көрсетілген мақсаттар бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын барынша жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Сурет 1. 2020 жылдың мамыр айындағы көрсеткіштері бойынша Электронды үкімет порталының пайдаланушылары



Ескерту – [5] дерек көзі бойынша құрастырылды

Кесте 1. Жоғарыда графикете көрсетілген қызметтердің атаулары


Қызмет атауы
Төтенше жағдай кезінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемдер тағайындау
Қазақстан Республикасы аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайларын анықтау бойынша анықтама беру
Жеке тұлғаның жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама беру
Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иесі) туралы мәліметті қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру
Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту
Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру
Наркологиялық ұйымда есепте тіркелген/тіркелмеген туралы анықтама
Психоневрологиялық ұйымда есепте тіркелген/тіркелмеген туралы анықтама

Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру

Ескерту – [5] дерек көзі бойынша құрастырылды

Құрылғанынан бері Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі қалыптасу мен даму кезеңдерінен өтті, дүниежүзілік қауымдастық тарапынан оң көзқарасқа ие болып, жоғары бағаланды. Халықаралық және республикалық рейтингтердегі жоғары көрсеткіштері мен байқаулардағы ие болған номинациялары осыған куә. Қазақстандық электрондық үкіметтің даму дәрежесі «дамушы» (emerging leaders) сатысында деп бағалануда және аса табысты үкіметтердің бірі саналады.

Әрбір екі жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті әлемдегі (190 ел) электрондық үкіметің даму деңгейін бағалау бойынша зерттеулер жүргізеді. 2020 жылы Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі аталмыш рейтингте 29 орын алды [6].



Сурет 2. Электрондық үкімет дамуының индексі

Ескерту – [6] дерек көзі бойынша құрастырылды

Графикте көріп тұрғанымыздай, БҰҰ Дүниежүзілік рейтингісі бойынша Электрондық үкімет порталының алдыңғы жүргізілген рейтингке қарағанда, соңғысының айтарлықтай жоғары көтерілгенін байқаймыз. Бұл Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет порталының қарқынды жұмыс істеп, дамып келе жатқанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, басқарудың мінсіз, инновациялық жүйесін қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың таңдалған басымдықтарын іске асырудың негізгі нысаны екенін байқадық.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы посткеңестік кеңістіктегі Мемлекеттік қызмет саласында танымал мемлекеттердің бірі болып табылатынын атап өтуге болады.

Осылайша, Қазақстан үшін мемлекеттік менеджмент тұжырымдамасының маңыздылығы, ең алдымен, басқару жүйесін жетілдіруге, мемлекеттік және жергілікті басқару құрылымдарына нарықтық тетіктерді енгізуге, сондай-ақ Қазақстан экономикасының дамуына бағытталған жаңа болмыстарға барабар тәсілдерді іздеумен айқындалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сайты <http://anticorruption.gov.kz/rus/>
3. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000612>
4. Электронное правительство РК – 11 лет во благо населения <https://www.nitec.kz/story/elektronnoe-pravitelstvo-rk--11-let-vo-bлаго-naseleniya#:~:text=%D0%A0%D0%BE%D0%B2%D0%BD%D0%BE%2011%20%D0%BB%D0%B5%D1%82%20%D0%BD%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D0%B4%2C%2012,%D0%BA%D0%BE%D1%82%D0%BE%D1%80%D1%8B%D0%B5%20%D1%83%D0%BF%D1%80%D0%BE%D1%89%D0%B0%D1%8E%D1%82%20%D0%BF%D1%80%D0%BE%D1%86%D0%B5%D1%81%D1%81%20%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D1%83%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F%20%D0%B4%D0%BE%D0%BA%D1%83%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D1%82%D0%BE%D0%B2>
5. Электронды үкімет порталының пайдаланушылары <https://egov.kz/cms/kk/information/about/stat>
6. Электрондық үкіметтің жетістіктері <https://egov.kz/cms/kk/information/about/help-elektronnoe-pravitelstvo>

ӘОЖ 338.2

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЛЕЛЕРІ

Ардаққызы Әлина

alina_ardakkyzy@mail.ru

Нұр-Сұлтан, Қазақстан,

, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 1 курс магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекші – К. Хасенова

Қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін инвестициялық тартымдылықты талдау қажет және белсенді ғылыми зерттеулердің объектісі болып табылады, өйткені Қазақстанда ол жеткілікті дамымаған. Бүгінгі таңда өңірдің инвестициялық саясаты, инвестициялық тартымдылығын арттыруды басқару жолдарын және оның ел экономикасының дамуына қосқан үлесін ғылыми зерттеу маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Инвестициялық саясатты дұрыс құру, оны жетілдірі еліміздің табиғи ресурстарын тиімді игеру және маңызды инновациялық процестерді ынталандыру, реттеу мүдделеріне негізделеді, ал кейбір жағдайларда инновацияларға тікелей қатысу әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтерді өндіру мен тұтынуды дамытуда үлкен маңызға ие. Тиімді инвестициялар тиімділігі жоғары жаңа өнімдер шығаруды көздейді және капиталды қорландыру нормасын қалыптастырады.

Қазақстан 2019 жылы Doing Business рейтингінің инвестициялық тартымдылығы бойынша 190 елдің ішінде 28-ші орынға ие болды. Белгілі мәліметтерге сәйкес, соңғы 20 жыл ішінде елге 300 миллиард доллар инвестиция тартылды. 2017 жылы инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Дүниежүзілік банкпен бірлесіп 2018-22 жылдарға арналған Ұлттық инвестициялық стратегияны әзірледі. Сондай-ақ, ТШИ тарту бөлігінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға бағытталған "Қазақинвест" құрылымы іске қосылды.